№51 (10041)
29 маусым,
сенбі
2024 жыл

# Жалағаш жаршысы

90 жыл Жалағаш жаршысы

«zhalagash-zharshysy.kz» ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Президент



## Мемлекет басшысы БАҚ өкілдерін марапаттады

**28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күніне орай Ақордада салтанатты жиын өтті. Оған республикалық ақпарат құралдары ғана емес, өңірлердегі жетекші телеарналардың, газет-журналдардың, ақпараттық ресурстардың өкілдері қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ өкілдерін кәсіби мерекесімен құттықтап, журналистиканың мәртебелі мамандық екенін атап өтті.**

– Мемлекет те, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай. Біздің мақсат-мұратымыз – ортақ. Бұл – баршаға тең мүмкіндіктер беретін Әділетті Қазақстанды құру. Мен бүгін медиа саласы мамандарының осы жолдағы қажырлы еңбектері үшін шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық реформаларға арнайы тоқталып, осындай тың бастамаларды жұртшылыққа жан-жақты түсіндіруге журналистер қауымы зор үлес қосып келе жатқанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Атырауда өткен үшінші отырысында нашақорлық, құмарпаздық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм және ысырапшылдық секілді бес әлеуметтік кесел туралы мәселе көтергенін еске салып, мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан заңнамалық және идеологиялық жұмыстар жөнінде айтты.

Президенттің пікірінше, елімізді түбегейлі жаңғырту үшін заңнамалық өзгерістермен, кадрлық шешімдермен, саяси және экономикалық реформалармен ғана шектелу аздық етеді. Прогрессивті ұлт ретінде қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін жаңарту үшін көп тер төгуіміз керек.

Бұдан бөлек Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» акциясы мен қоғамда экологиялық сана қалыптастырудың мән-маңызы туралы айтты. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын бастамаларды барынша дәріптеу, экономиканы әртараптандыру, еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайында кеңінен мәлімет берді. Бұдан бөлек Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы, Атом электр станциясын салу мәселелері жөнінде пікір білдіріп, журналистерді осы маңызды істерді жұртшылық арасында кеңінен насихаттауға шақырды.

Президент елімізде жүргізілген жүйелі реформалардың нәтижесінде азаматтардың саяси мәдениетінің деңгейі едәуір өскенін, шынайы әрі аясы кең пікір алуандығы пайда болғанын атап өтті.

– Көпшілік мұны әлі күнге сезінбей жүр. Алайда Қазақстанда әлдеқашан жаңа саяси жағдай қалыптасты. Оны сөз бостандығынан, ашық бәсекелестіктен, билік пен қоғам арасындағы конструктивті диалогтан, бүкіл ақпараттық ресурстардың қол жетімділігінен байқауға болады. Біз осындай өзгерістер жүзеге асырылды деп сеніммен айта аламыз. Мұндай жағдайда БАҚ-тың рөлі мен жауапкершілігі арта түседі. Отандық масс-медиа әрдайым объективтілікті, бейтараптылықты сақтап, ел мен қоғамның мүддесін бәрінен жоғары қоятынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Президент Әділетті Қазақстан құру бос идеологиялық абстракция емес, шынайы жалпыұлттық таңдау екенін мәлімдеді.

– Мемлекеттің қуаты – халықта, ал халықтың қуаты жасампаз күш-жігерде және отаншылдықта. Сондықтан еліміздегі барлық ауқымды өзгерістер адамға, оның қарым-қабілетін толық ашуға бағытталған. Біз үшін реформалардың өзі ғана емес, түпкі мәні маңызды. Біздің реформаларымыз қызыл сөзге емес, нақты іске негізделген. Басты мақсат – азаматтарымыздың болашаққа деген сенімін нығайтып, әл-ауқатын арттыру. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамда Заң мен тәртіпті орнықтыру үдерісінде атқаратын рөлі айрықша. Бұл – елімізде жүргізіліп жатқан жаңғыруларға негіз болатын қағидаттардың бірі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жиырмасыншы ғасырдың басындағы қазақ зиялылары баспасөзге түгел атсалысқанын, бұл салаға ағартушылық сипат бергенін атап өтіп, аға буынның осы сара жолын лайықты жалғастыру қажет екеніне тоқталды.

Жиында бірқатар журналиске Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлықтары, гранттары және Алғысы салтанатты түрде табысталды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Президент сөзінің соңында былтырдан бері мереке қарсаңында журналистерге пәтер кілтін табыстау дәстүрге айналғанын, бұл үрдіс биыл да, алдағы уақытта да жалғаса беретінін жеткізді.

**Жандос ЖАЗКЕН**

Сапар

# Аймақ дамуы Үкімет назарында

**Премьер-министр Олжас Бектенов аймаққа жұмыс сапары барысында «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешеніне барды. Сондай-ақ Байқоңыр қаласының даму жоспарымен танысты.**



Ғарыштық зымыран кешенінің құрылысы «Союз-5» жаңа зымыран тасығыштарын ұшыруға арналған «Зенит-М» ҒЗК инфрақұрылымы базасында жүргізіліп жатыр. 2018 жылы ресейлік тарап алаңды жалға алуды тоқтатқаннан кейін нысанды қазақстандық мамандар пайдалануда. Жұмыстың аяқталу мерзімі 2028 жылдың мамырына жоспарланған, ал алғашқы ұшу сынақтарын 2025 жылы бастау жоспарланып отыр. Кешеннің жылына 6-8 зымыран ұшыруға мүмкіндігі бар.

Олжас Бектенов монтаждау-сынақ кешенін, сондай-ақ зымыран көлеміне шақталған көлік қондырғыларын қарап шықты. «Бәйтерек» БК» АҚ басқарма төрағасы Айдын Айымбетов кешенді заманауи жүйелерге сәйкестендіріп жаңғырту туралы баяндап, энергия тасымалдаушы жүйелерді тексеру кезеңдері, сондай-ақ «Бәйтерек» жобасы үшін мамандарды оқыту туралы хабардар етті.

Үкімет басшысы «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешені бүгінде посткеңестік аумақтағы Қазақстан мен Ресейдің ең ірі бірлескен жобасы екенін және екі мемлекет басшыларының ерекше бақылауында екенін атап өтті. Биыл оны іске асыруға 14,7 млрд теңге бағытталды, қаражаттың қалған бөлігін бөлу мәселесі қосымша пысықталады. Олжас Бектенов экологиялық таза тасымалдағыштарда ғарыш аппараттарын сәтті ұшыру үшін мамандардың тығыз бірлескен жұмысының қажеттілігіне назар аударды.

– Зымырандарды ұшыру мерзімдерін өзгертпеу керек. Үш ұшырылымның біріншісі келесі жылы өтуі тиіс. Жоба «Байқоңыр» кешенінің белсенді жұмысын қамтамасыз ету үшін аса қажет. Бұл орайда бірлескен кәсіпорындағы еңбек ұжымының жұмысы да маңызды. Сондай-ақ ғылыми ортамен де өзара тығыз іс-қимылды үзбеу керек, – деді Олжас Бектенов.

Қаланы дамыту жоспары туралы Премьер-министрге ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілі Қайрат Нұртай баяндады. Қазіргі таңда халықтың 70 пайызын Қазақстан азаматтары құрайды. Табиғи өсім мен көші-қон ағыны есебінен оң динамика тіркеліп отыр. Қаланың қарқынды өсуін ескере отырып, әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, тұрғын үй қорын ұлғайту жөніндегі шаралар іске асырылуда. Мәселен, 600 орынға арналған мектеп салу жоспарланған, өткен жылдың қорытындысына сәйкес, қазақстандық білім беру стандарттары бойынша 2 балабақша ашылды, бұл кезекті 2 есе төмендетуге мүмкіндік берді.

«Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімге сәйкес қалада барлық көппәтерлі тұрғын үйлер газдандырылды. Бұдан басқа сумен жабдықтау және су бұру желілері жалға беруден алынып, облыстық коммуналдық меншікке берілді. «Байқоңыр» кешенінің объектілеріне рұқсат алуды жеңілдету үшін цифрлық құралдарды енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.

Үкімет басшысының облысқа жұмыс сапарына негіз болған басты мәселенің бірі – су үнемдеу технологияларын енгізу және су инфрақұрылымын дамыту. Ол Мемлекет басшысының Кіші Аралды сақтау және дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысымен танысты. Атап айтқанда, «Қараөзек» су қоймасының құрылысына назар аударылды және «Көкарал» бөгетін реконструкциялау қарқыны тексерілді.

Өңірдің негізгі су көзі – Сырдария өзені. Соңғы бірнеше жылда өзен суының азаюына байланысты Солтүстік Аралда жиналған судың орташа жылдық көлемі жобалық 27 млрд текше метрден 2022 жылы 18,9 млрд текше метрге дейін төмендеді. Бүгінгі таңда су ағынын секундына 6 текше метрден 50 текше метрге дейін ұлғайту бойынша қабылданған шаралар нәтижесінде Солтүстік Аралда су көлемі 21,4 млрд текше метрді құрады. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық жағдайы Сырдария өзені бассейнінің сумен жабдықталуына тікелей байланысты екені анық, дарияның жағасында аймақтағы елді мекендердің 85 пайызы орналасқан, жергілікті халықтың 93 пайыздан астамы өмір сүреді.

Бүгінгі таңда өңірде су үнемдеу технологиясы белсенді түрде енгізіліп жатыр. Облыста 286 мың гектар суармалы жер бар, оның 185-190 мың гектарына ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Мемлекет басшысының егістікті әртараптандыру туралы тапсырмасы бойынша биыл күріш алқабы 6 мың гектарға қысқартылды. Лазерлік тегістеу күріш алқаптарын суаруға жұмсалатын судың шығынын азайтуға мүмкіндік берді. Инновациялық технологияның арқасында соңғы 10 жылда суды 20 пайызға дейін үнемдеуге және өнімділікті 30 пайызға дейін арттыруға мүмкіндік туды. Өңірде басқа да су үнемдеу технологияларын енгізу көлемі биыл 4,2 мың гектарға жетті. 2030 жылға дейін бұл көрсеткішті 34,2 мың гектарға дейін ұлғайту көзделген. Осы бағытта Қызылорда облысында жалпы ауданы 4,8 мың гектар болатын 3 ірі инвестициялық жоба іске асырылуда.

– Мемлекет басшысы су үнемдеу технологияларын енгізуді жеделдетуді тапсырды. Сырдария өзеніндегі су тапшылығын ескере отырып, жерасты суларын ұтымды пайдалану мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігіне жерасты көздеріне зерттеу жүргізуді тапсырамын, – деді Олжас Бектенов.

Премьер-министр Су ресурстары және ирригация министрлігіне сыйымдылығы 775 млн текше метр болатын Қараөзек су қоймасын салу бойынша облыста іске асырылып жатқан жобаны қаржыландыру жөнінде ұсыныстар енгізуді тапсырды. Жаңа техникалық құрылыстың негізгі мақсаты – «Көкарал» бөгеті арқылы Үлкен Арал теңізіне қайтарылмайтын судың бір бөлігін сақтау. Бұл шаралар вегетациялық кезеңде Қазалы ауданының 31 мың гектар егістік жерлерін және арна бойында орналасқан 11 мың гектар шабындық пен жайылымды сумен қамтамасыз етеді. «Қараөзек» су қоймасы елімізде басым тәртіппен салынуы тиіс 9 су инфрақұрылымы объектісінің тізбесіне енгізілген.

Үкімет басшысына биыл аяқталатын «Көкарал» бөгетін реконструкциялау жоспары туралы баяндалды. Жобаны іске асыру шеңберінде бүлінген бөгет, Қарашалаң және Тұщы көлдері арқылы теңізге шығатын арналар қалпына келтіріледі. Олжас Бектенов Үкімет су ресурстарын тиімді пайдалану, су жинау лимиттерін және Сырдария мен Амудария бассейндері бойынша су қоймалары каскадының жұмыс режимдерін сақтау мәселелерінде көрші елдермен жұмысты жалғастыратынын айтты.

Сапар аясында Үкімет басшысы Қызылорданың энергетикалық инфрақұрылымының жылу беру маусымына дайындығын тексерді. Алдағы уақытта шыны кластері құрылатын табақ шыны өндіретін инвестициялық жобаға барып, Мемлекет басшысының өңдеу өнеркәсібінің үлесін ұлғайту жөніндегі тапсырмасының орындалуын тексерді.

Премьер-министрге жылу қуаты сағатына 277 Гкал болатын жаңа ЖЭО құрылысының қарқыны баяндалды. Қазіргі уақытта жер қазу жұмыстары аяқталған. Құрылыс жұмыстары жоспарға сәйкес жүріп жатыр. Нысанды 2025 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Қазіргі таңда инвестор жобаны іске асыруға 70 млрд теңгеден астам инвестиция салды.

Олжас Бектенов Қазақстан экономикасы үшін маңызды жобаларға қаражат салуға дайын инвесторларға қолдау көрсету қажеттігін айтты. Жұмыс сапары аясында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесіне де назар аударылды. Атап айтқанда, «Қызылорда-Жезқазған», «Қызылорда-Үшқұдық» автомобиль жолдарын салу және «Қызылорда-Ақтөбе» автомагистралін реконструкциялау жобалары бар. Көлік министрлігіне қажетті жұмыстарды жүргізуге және жобаларды уақытылы аяқтауға тиісті құжаттарды ресімдеу жөнінде тапсырмалар берілді.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

# Қаламгерлер құрметке бөленді




**Жыл соңында облыс әкімінің бұқаралық ақпарат құралдары өкілдеріне арналған «Жебе» арнайы сыйлығы табысталмақ. Аймақтың ақпарат айдынында үздік шыққан материалдарға 7 номинация бойынша 1 миллион теңге жүлде тағайындалады. Бұл туралы Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күніне арналған мерекелік салтанатты шарада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев хабарлады.**

Аймақ басшысы журналистерді кәсіби мерекемен құттықтап, билік пен бұқараның арасына алтын көпір болу миссиясын бұлжытпай орындап жүрген қаламгерлерге ізгі лебізін білдірді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әділетті Қазақстанды құру үшін қоғамда құндылықтар жүйесін жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың мән-мағынасы зор. Бұл бағытта еңбекқорлық пен білімпаздықты, адал азаматқа тән қасиеттерді дәріптейтін масс-медиа өкілдері айрықша рөл атқарады» деп атап өткен болатын. Мемлекет басшысы жақында ғана «Масс-медиа туралы» Заңға қол қойды. Бұл заңға «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі еліміздегі ең байырғы басылымдардың бірі «Сыр бойы» ұжымын газеттің жарыққа шыға бастағанына 95 жыл толуымен құттықтады. «Сыр бойы» өткен жылы «Үркер» ұлттық сыйлығын, «Ең үздік өңірлік басылым» номинациясын иеленді. Бүгінде ақпараттық сұраныс талғамының өзгергеніне қарамастан «Сыр бойы» газеті 23 мыңға жуық таралыммен жарыққа шығады. Бұл – еліміздегі облыстық газеттер арасындағы ең озық көрсеткіш. Мұнан бөлек биыл Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» басылымының 90 жылдығы, Шиелі аудандық «Өскен өңір», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газеттеріне 85 жыл, Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің жарық көргеніне 30 жыл толуда.

Салтанатты шарада аймақ басшысы ақжолтай жаңалықты бөлісіп, жыл соңында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған «Жебе» арнайы сыйлығы табысталатынын айтты. Бұл сыйлық үздік мақалалар мен сюжеттерге, ақпараттық материалдарға 7 номинация бойынша дәстүрлі түрде берілетін болады. Әр номинацияға 1 миллион теңге жүлде тағайындалады.

Мерекеде аймақтың ақпарат саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар БАҚ өкілі облыс әкімінің арнайы марапатына ие болып, құрмет төрінен көрінді. Мемлекет басшысының Жарлығымен «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы Сәрсенкүл Бихожаева «Құрмет» орденімен, «Qyzylorda» телеарнасының бас инженері Бақытжан Шүкенов, «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Бірқатар БАҚ қызметкеріне облыс әкімінің, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің марапаттары табысталды. Мұнан бөлек үздіктерге түрлі номинация берілді. С.Бермағанбетов атындағы жас журналистер байқауының жеңімпаздары да арнайы марапат алды. Салтанатты шарада әріптесіміз, Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газеті бас редакторының орынбасары Жандос Жазкен «Ұтқыр» номинациясымен марапатталды.

Бүгінде Сыр өңірінің медиа кеңістігінде 149 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс жасайды. Оның 13-і – мемлекеттік, 135-і – тәуелсіз, 120 газет, 26 интернет-сайт пен ақпараттық агенттік, 3 телеарна облыс, қала, аудан аумағына ақпарат таратады.

**Ақнұр АЛТЫНБЕК**

Кездесу



# Тұрғындардың талап-тілегін тыңдады

**Бұған дейін Жаңадария жайында «шалғайдағы ауылдың шаруасы ширақ» деуші едік. Кешегі аудан әкімімен кездесудегі тұрғындардың талап-тілегі бұл сөзімізді жоққа шығарғандай болды. Бірі «ауылда аяқсу қат» десе, енді бірі ішкі көшелердің кейбірінің сапасына көңілі толмайтынын айтты. Мұнан өзге де мәселелер қамтылды, бірақ қашан шешімін табады, ол да алдағы уақыттың еншісінде.**

### Шалғай ауылда аяқсу қат

Жалпы Жаңадария жұртының аяқсу мәселесін әкім назарына салатындай жөні бар. Сондай-ақ бұған аудан әкімі Ардақ Ибраимов жүрдім-бардым қарамауы тиіс. Себебі қыстық азығын жазда қамдайтын жаңадариялық бағбандар қаншама гектар жер ашып, жыл сайын бақша салады. Ал оған аяқсу жетпесе, еткен еңбек зая болатыны айтпаса да түсінікті. Міне, кешегі келелі жиында көпшіліктің шырылдағаны да осы еді.

Шалғайдағы жұрт осы аяқсуға қатысты тағы бір шешімге наразы. Сөздерінше, биыл тариф құны көтерілген, меймандардан мұның себебін сұрағанымен жарытып жауап та алмады. Аяқсуға жауапты мекеменің басшысы «Тарифті Астанадан бекітеді, бізге қатысы жоқ» деп қысқа қайырды. Ел көтерген бұл мәселе кімге қатысты? Бұл сауалдың жауабын білмей біз де далмыз.

Жалпы Жаңадария ауылдық округінде 554 адам қоныстанған. Жұмыссыздық деңгейі 1,1 пайызды құрайды. Ауылдық округте 44 кәсіпкерлік субъектісі тіркелген. Қазіргі таңда оның 43-і нақты жұмыс жасап тұр.

Былтыр 5 адам кәсіп бастау мақсатында мемлекеттік бағдарламалармен несие алған. Мұнан бөлек 2 адам қайтарымсыз грант жеңіп алып, қазіргі таңда өз жобасын жүзеге асыруда. 2 адам ауыл шаруашылығы техникасын алып жұмысын жандандырса, 5 адам мал шаруашылығы бағытында кәсібін өрістетуде. Биыл кәсіп бастау мақсатында мемлекеттік бағдарламалармен 1 жоба қаржылай қолдауға ұсынылған. Сондай-ақ 2 адам қайтарымсыз грантқа қол жеткізу үшін жарқын жобаларын әзірлеген.

Жалпы Жаңадария жұрты бақша салып, өз өнімін нарыққа шығаруда алдыңғы қатарда. Былтыр шалғайдағы бағбандар 100 гектар жерге бақша дақылдарын егіп, толайым табысқа кенелді. Сөздерінше, өткен жылы елді мекенде аяқсу жеткілікті болған. Ал биыл бұл мәселе күрделенген. Сонда да ауыл тұрғындары 113 гектар жерге бақша салыпты. «Есепті кездесуде тұрғындардың талап-тілегіне арқау болған аяқсу мәселесінің шешімі бар ма?» деген сауалымызға жергілікті әкімдік «Қазіргі таңда аяқсу мәселесі қиындық туғызуда» деп қысқа жауап берді.

### 5 көшеге күрделі жөндеу керек

Тұрғындар талап-тілегіне арқау болған тағы бір мәселе – ішкі көшелер сапасының сын көтермейтіні. Жалпы Жаңадария ауылдық округінде 6 көше бар. Оның біреуіне ғана асфальт төселген. Қалған 5 көше күрделі жөндеуді қажет етеді.

Ауыл әкімі Рауан Ақпанбетов елді мекенде 4 көшенің құрылысына қатысты жоба-сметалық құжаттар әзір екенін айтады. Бірақ әзірге ешқайсысы қаржылай қолдау таппаған. Сондықтан тұрғындар көтерген жол мәселесі қашан шешімін табады? Ол жағы өзімізге де беймәлім.

Елді мекенге сырттан келген мамандар сол өңірде міндетті түрде тұруы керек. Бұған қатысты аймақ басшысының да арнайы тапсырмасы бар-тын. Ауыл тұрғындарының үніне құлақ түрсек, Жаңадарияда бұл тапсырмаға немқұрайлы қарайтындар көп сияқты. Сөздерінше, көбісі жақындарының үйіне құжат бойынша тіркеліп алады. Бірақ өздері сырттан қатынайтын көрінеді. Себебін сұраса, құжатты дәлел етеді.

### 1 млрд теңгеге жуық қаражат ауыл мәселесін шешуге бағытталған

Аламесекте биыл ауқымды жобалар жүзеге асуда. Ардақ Әбдіғаппарұлы тұрғындармен кездесуде биыл Есет батыр ауылында 1 млрд теңгеге жуық қаражат елдің талап-тілегінен туындаған мәселелерді шешуге бағытталғанын айтты. Бүгінде олардың алды жүзеге асуда. Бұл жұмыстарды жергілікті тұрғындар да жоққа шығармады.

– Шынын айту керек, ел қатарына қосылдық. Бұрын көштің соңында едік, қазір шүкір дейміз. Ел-халық аман, ауыл тыныш, ауыл әкімінің жасап жатқан жұмысына да қанағаттанамыз. Ауылда қордаланған мәселенің бірі жол сапасына қатысты болатын. Қазір қаншама ішкі көшеміз жөндеуден өтіп жатыр. Электр жарығы да жаңғыртылуда. Бұрын бір көшеде ғана жарық болса, бүгінде 4-5 көшеге жүргізілді. Оның сапасы ауыл әкімінің тікелей қадағалауында, оған да рахмет. Жұмысына ризамыз. Күндіз-түні құрылыс басында сапасын бақылайды. Халық кімнің қалай жұмыс жасайтынын біледі. Сондықтан әкімімізге ризамыз, – дейді ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әбдіқайыр Әйтімов.

### Малшылар шығынға батуда

Десе де ауыл ішінде бір мәселе бар, Жаңадария мен Аламесектің ортасында дария жатыр. Өкініштісі, жазда сол дария табанына дейін тартылады. Тіпті бөлініп қалады екен. Суатқа барған төрт түліктің ішінде былтырдан бері ауру пайда болыпты. Ауыл тұрғындары өткен жылдың өзінде жүзден астам жылқы өлгенін айтады. Сондықтан маусымында дарияға су молдау жіберілсе дейді.

Халық егіннің уақытында бұл мәселеге түсіністікпен қарайды. Алайда қорада азын-аулақ мал ұстаған ағайынға да қиын болып тұр. Аяқсуға жауапты мекеме басшысы дарияны толтыруды былай қойғанда соның бойындағы елдің бақшалық жеріне су жеткізе алмай отырғанын айтады.

### Жол сапасы жақсарып, электр жарығы жаңғыртылуда

Ғасырға жуық тарихы бар елді мекенде 1900-ге жуық тұрғын бар. Биыл облыс қазынасынан қаралған жалпы құны 545,8 млн теңгеге Есет батырдағы Сарман батыр, Төлеген Бисенбаев, Бөлебай би, Өмірбай шешен және Жаңажарма көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүруде. Мұнан бөлек электр желілері жаңғыртылуда. Оған ұлттық қордан 381,5 млн, облыс тайқазанынан 588,2 млн қаралған.

Ауыл әкімі Дәулеткерей Тәжібаев тағы да бірнеше ішкі көшенің сапасын жақсарту мақсатында бірқатар жоба дайын екенін айтады. Олардың қатарында Көкпая, Жаңақоныс, Ақжарма, Т.Бисенбаев көшелері бар. Жобаның жалпы құны 251,2 млн теңгені құрайды. Мұнан бөлек 388,1 млн теңгенің ауыз су жүйесін жаңғырту және кеңейту жобасы бар. Сондай-ақ 10,2 млн теңгеге ауылды дамыту схемасына түзету енгізіледі.

### Ауылды абаттандыруда шаруашылықтар ширақ

Жалпы Әбдіқайыр ақсақалдың ауылдағы ағайынның ауызбіршілігіне қатысты пікіріне алып-қосарымыз жоқ. Әсіресе елді мекенді көркейтуде, әлеуетін арттыруда шаруашылықтар белсенді. Мәселен, осыған дейін Аламесекте шаруашылықтардың демеушілігімен жарқын жобалар жүзеге асқан.

Тарқатып айтсақ, 2022 жылы «Нағи» шаруа қожалығы 2,5 млн теңгеге Өмірбай шешен көшесінің бойын абаттандыруды өз міндетіне алған. Осыған дейін тиісті қаражатқа бос тұрған жарамсыз үйлер сүріліп, орны тазартылған. Сондай-ақ көше бойына қоршау жүргізген. Мұнан бөлек аталған шаруашылық жалпы құны 4 млн теңгеге сол көшенің бойына балалар ойын алаңын салып, ел игілігіне берді.

«Ибраев Б» шаруа қожалығы 4,2 млн теңгеге Көкпая көшесінің бойынан тағы бір ойын алаңын салды. Ал «Қарабура Ата-1» шаруа қожалығы Ақарық көшесіне 4,5 млн теңгеге жарық жүргізді. Мұнан бөлек ауылдағы бірнеше шаруашылық Бөлебай би, Жаңажарма, Кеңесбек Әбішев, Көкпая көшелеріне жарық жүргізді.

Жергілікті шаруашылықтар ауылды абаттандыру жұмыстарын әлі де жалғастырмақ. Екі жылда жалпы құны 8,4 млн теңгеге Төлеген Бисенбаев, Сарман батыр, Жаңақоныс, Ақжарма, Көкпая көшелеріне жарық шамдарын орнатпақ. Сондай-ақ тиісті қаражатқа Ақарық көшесі абаттандырылады.

### Жол сапасы жақсара ма?

Еңбекте еңселі жобалардың қолға алынғанын көріп жүрміз. Бірақ бұл Аққошқарда ешқандай мәселе жоқ деген сөз емес. Кешегі кездесуде тұрғындар ауылдағы жол сапасына қатысты мәселені аудан әкімінің назарына салды. Сөздерінше, ауылдағы бірқатар ішкі көшенің сапасы нашар. Оның үстіне өткен жылы асфальтталады деген 3 көшенің де құрылысы аяқсыз қалды. Бұған бөлінген қаражат жеткіліксіз екен.

Бұл мәселені аудан әкімінің де аяқсыз қалдырғысы жоқ. Десе де небәрі 64 млн теңгеге 3 көшені жөндеуге мердігер табылмай отыр. Оларға да өкпе жоқ, себебі расында тиісті қаражат бұл құрылысты аяқтауға аздық етеді. Десе де Ардақ Әбдіғаппарұлы тиісті басқармаларға шығып, елдің талап-тілегін орындауға бел буған. Енді оның шешімі қалай? Бұл жағы алдағы уақыттың еншісінде.

Жалпы ауылда 11 ішкі көше бар. Оның алтауы асфальтталған. Жергілікті әкімдік елді мекендегі 5 көше күрделі жөндеуді қажет ететінін айтады. Бірақ ауылда жол құрылысына қатысты дайын тұрған ешқандай жоба жоқ екен.

Айта кетейік, ауылда 1500-ден астам халық бар. Елді мекенде жұмыссыздық деңгейі 2 пайызды құрайды. Осыған дейін Еңбекте 66 кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, оның бүгінде 64-і нақты жұмыс жасап тұр. Былтыр 2 ауыл тұрғыны кәсіп бастау мақсатында мемлекеттік бағдарламалармен несие алған. Оның бірі мал шаруашылығында өз ісін өрістетсе, енді бірі алмабақ орналастырған. Биыл 1 адам кәсіп бастау мақсатында мемлекеттік бағдарламалармен несие алыпты. Ол да бүгінде мал шаруашылығын дамытуда.

### Ауылын абаттандырған азамат

Еңбек туралы айтылған жерде Шакизатхан Ысқақовтың есімі қатар жүреді. Себебі осыған дейін іскер азамат туған жерін түлетуге бар күшін сарп етті. Әлі де ауылды абаттандыруға арналған жобаларды қолға алуда. Қазіргі таңда «Еңбек-Жер» ЖШС Даңмұрын көшесі бойынан жаяу жүргіншілер жолын және Рәміздер алаңын салуда. Сондай-ақ шаруашылық төрағасы дала жұмысында дараланған еңбек озаттарына арнап 2 тұрғын үйдің құрылысын бастап кетті.

«Кең болсаң, кем болмайсың» деген қанатты сөзді қаперге алған төраға бір ғана шаруашылықпен бүтін бір ауылдың қажетіне жарап тұр. Осыдан бірнеше жыл бұрын «Еңбек-Жер» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін құрған Шакизатхан Ысқақов сол уақыттан бері ауыл шаруашылығы бағытында тынымсыз еңбек етіп, Аққошқардың күрішпен кірісін еселеп отыр. Ауылды абаттандыру мақсатында атқарған жұмыстарын қазір кеңінен тарқатсақ, Еңбекте таңды таңға жалғап жазатын тың дүние көп. Бастысы, соның бәрі халықтың көңілінен шығып, тұрғындардың қажетіне жұмыс жасап тұр.

Иә, қолда барды көппен бөлісу – екінің бірінің басына бұйыра бермейтін бақ. Былтыр да қамбасы алтын дәнге толған серіктестік төрағасы толайым табысты сол кеңпейілділігімен байланыстырады. Осыған дейінгі жеткен жетістігін әріптестерінің һәм ауылдастарының тынымсыз еңбегімен ұштастырған төраға бір жылдары күзгі науқанның қорытындысында дала дарабоздарына 72 млн теңге сыйақы үлестірді. Оның ішінде 6 еңбек адамы су жаңа темір тұлпар тізгіндесе, бірнеше отбасы жаңа баспанада қоныс тойын тойлады. Мұнан бөлек ала жаздай атыз басында тынымсыз тер төккен бірнеше еңбек адамы 5 млн теңгеге дейін қаржылай сыйақыға ие болды. Бұл тек ұжымның ғана еңбегін бағалау емес, осынша қаржыны ауылдастарына үлестіру арқылы төраға тұрғындар әлеуетінің артуына да өзіндік үлесін қосып отыр.

Еңбектің халқы бұрыннан өнерге, білімге, мәдениетке бейім. Десе де жастардың бойындағы осы шығармашылықты дамытуға дем беру мақсатында Шакизатхан Ысқақов қолдауын аяған емес. Соңғы 7-8 жылда ауылдағы білім ошағын үздік тәмамдаған оқушыларға велосипед сыйға тартса, аудан мақтанышына айналған Еңбектегі «Әжелер» ансамбліне де жыл сайын қаржылай қолдау көрсетіп келеді.

Серіктестік төрағасының туған жерге жасап жатқан осынша қолдауы алдымен мешіт құрылысынан басталыпты. Ауылдағы имандылық үйінің ғимаратын күрделі жөндеуден өткізген Шакизатхан Ысқақов кейін орталықта балалардың ойын алаңдарын көбейтеді. Шаруашылық жұмысы ширап, кіріс көзі артқан бойда Еңбекті көркейтіп көгалдандыруды мақсат етеді.

Шаруашылық демеушілігімен өз жұмысын бастаған ауыл орталығындағы кешен тек аққошқарлықтарға ғана емес, көршілес Есет батыр мен Жаңадария ауылының да игілігіне жұмыс жасады. Оған дейін той-томалақ, құдайы ас секілді дәстүрлі жиындарды өткізу үшін үш ауылдың халқы аудан, қалаберді облыс орталығына сабылатын. Қазіргі таңда бұл кешеннің сауда орталығы қолжетімді бағада ауыл тұрғындарына қызмет етуде. Өңірді көркейтуді қолға алған атпал азамат мұнан бөлек Т.Дәуітбаев атындағы орталық көшенің тұрғын үй аулаларын қоршауға өз қаражаты есебінен 4,5 млн теңге бөлді. Қазіргі таңда қос беті мұнтаздай таза ауылға кіреберіс көшенің келбетіне көз сүйсінеді.

Аудан әкімі де төрағаның туған жерге жасап жатқан жақсылығына ризашылығын білдірді. Алдағы уақытта мүмкіндік болса, бюджеттен ауыл халқының мәселесін шешуге тиісті қаражат бөлінетінін жеткізді.

Ауылдағы ағайынның негізгі күнкөріс тіршілігі мал шаруашылығына тәуелді. Қазір қорасында азын-аулақ мал ұстаған ағайынды былай қойғанда, кәсіп иелерінің басым бөлігі осы салада өз ісін өрістетуде. Сондықтан ауылдағы ағайын жайылымнан таршылық көрмеуі тиіс. Кешегі есепті кездесуде аққұмдықтардың талап-тілегіне арқау болған басты мәселе де жайылымдық жер төңірегінде өрбіді.

### Ел жайылымдық жер егістікке айналмаса дейді

Ауыл шетінде «Бозарқаш» деген жер бар екен, халықтың ірі қарасы, жылқысы сонда жайылады. Жері сай болса керек, тұрғындар канал бойындағы су бірінші сол алқапты толтыратынын айтады. Ал су жетіп тұрған жерді шаруашылықтар егістік алқап етуге асығады. Осы ретте Аққұмдағы ағайын «Бозарқаш» маңын егістікке айналдырса, елдің өрісі тарылатынын әкім назарына салып, «оған жол берілмесе» деген талап-тілегін жеткізді.

Аудандық ауыл шаруашылығы және жер бөлімінің басшысы бұл жер негізінен жайылым үшін суландырылғанын айтады. Ал Ардақ Әбдіғаппарұлы алдағы уақытта бұл жерлерді егістікке айналдырмауды қатаң тапсырып, бұл мәселе тікелей өз бақылауында болатынын қаперге салды.

Елді мекен жұрты мұнан бөлек денсаулық саласы, жұмыссыздыққа қатысты басқа да мәселелер көтерді. Елдің талап-тілегін қаперге алған аудан басшысы алдағы уақытта оның барлығы жерде қалмайтынын жеткізді.

Жалпы 1700-ден астам халқы бар Аққұмда жұмыссыздық деңгейі 2,5 пайызды құрайды. Елді мекенде 90-ға жуық азамат кәсіппен айналысады. Былтыр мемлекеттік бағдарламалармен 4 адам 2,5 пайызбен несие алса, 9 адам қайтарымсыз грантқа қол жеткізген. Бұдан ауыл халқының іс бастауға ынтасы жоғары екенін аңғару қиын емес. Биылдың өзінде 3 адам кәсіп бастау мақсатында қайтарымсыз грант жеңіп алған.

Үлкен жолдың бойындағы елді мекен жұрты бақша өнімдерін егуде де белсенді. Былтырдың өзінде аққұмдық бағбандар 30 гектар жерге бақша салған. Аяқсу мәселесін жергілікті халық сутартқыш насос арқылы шешіп отыр. Ал биыл ауыл тұрғындары 25 гектар алқапқа бақша егіпті.

### Жол құрылысы қарқын алған

Шыны керек, Аққұмда қордаланған мәселелердің бірі жол сапасы еді. Елді мекен жұртының ауылға барғанда талап-тілегіне бірінші осы жол мәселесі арқау болатын. Ал бүгінгі кездесуде жол сапасына қатысты аққұмдықтар жақ ашпады. Себебі жыл басынан бері ауылда жол құрылысы қарқын алып, ішкі көшелердің сапасы жақсарған.

Ауылда 14 ішкі көше бар, оның 12-сіне асфальт төселген. Жергілікті әкімдік 1 көше күрделі, 1 көше орташа жөндеуді қажет ететінін айтады. Бірақ бұған қатысты ешқандай дайын тұрған жоба жоқ.

### Халықтың мәселесі ескеріледі

Аққұмдықтар жолға қатысты ешқандай мәселе көтермегенімен, Бұқарбай батыр ауылында жол сапасы нашар екен. Тұрғындардың осы жол сапасының сын көтермейтінін әкім назарына салды. Сөздерінше, осыған дейін ауылда 11 ішкі көше асфальтталып, 16 көшеге жарық жүргізіледі деген. Бірақ бүгінге дейін бұл мәселе толық шешімін таппаған.

Ауылдағы жол мәселесі Ардақ Әбдіғаппарұлының назарында екен. Тіпті ауылдағы ағайынның талап-тілегін аймақ басшысына да жеткізген. Дайын жобалар қаржылай қолдау тапса, Бұқарбай батырда жол құрылысы қарқын алады.

– Мен үшін халықтың мәселесі бірінші орында, сондықтан мүмкіндігінше елді мекендерде қордаланған мәселелерді шешуге жұмыс жасаймыз. Ел болғасын мәселе де болады, оның барлығын бір уақытта шешіп тастау мүмкін емес, бірақ кезең-кезеңімен шешуге тырысамын. Мүмкіндік болып жатса, елден аяйтын ештеңем жоқ. Барынша сіздердің талап-тілектеріңізді орындауға тырысамын, – деді аудан әкімі.

Ауыл әкімі Сағат Байділдаев биыл 11 көшеге ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілетінін айтады. Тіпті мердігер де анықталған, қаражат бөлінсе, жол құрылысы қарқын алады. Мұнан бөлек 16 көшеге жарықшамдар орнату жұмысына конкурс жүргізілген. Қазіргі таңда жеңімпаз мердігермен келіссөздер жүргізілуде. Жалпы ауылда 19 ішкі көше бар, 10 көшеге асфальт төселген. Тағы 9 көше орташа жөндеуді қажет етеді.

Батыр атындағы ауылда 1900-ге жуық халық бар. Елді мекенде кәсіпкерлік саласында серпін қалыптасқан. Ауылда 143 адам кәсіппен айналысады. Былтыр Бұқарбай батырда 7 адам қайтарымсыз грант алған. Қазіргі таңда олардың қолға алған жобалары елге қызмет етуде. Биылдың өзінде батыр атындағы ауылда 4 адам қайтарымсыз қаражатқа қол жеткізген. Осыдан-ақ ауылдағы ағайынның кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды тиімді пайдаланып отырғанын аңғардық.

Таң ауылы соңғы жылдары ерекше қарқынмен дамып жатқаны елдің көз алдында. Елді мекенде Еңбек Ері Имамзада Шағыртаевтың бастамасымен қаншама жоба қолға алынды. Қазіргі таңда оның барлығы жергілікті халықтың қажетіне жарап тұр. Биылғы жылдың еншісінде де жарқын жобалар жоқ емес.

Иә, ауыл халқы кешегі кездесуде айтарлықтай мәселе көтермеді. Олай болатындай жөні бар. Себебі бұл ауылда тұралаған мәселе жоқ десе де болады. Тұрғындар аудан әкімінің жұмысына сәттілік тілесе, ақсақалдар бата берді.

### Тұрғындар биыл көгілдір отын тұтынады

Ақсуға Ардақ Әбдіғаппарұлы бұл жолы жақсы жаңалығымен келді. Бұйыртса, алдағы жылу маусымында ауыл тұрғындары көгілдір отын тұтынады. Жақсы жаңалыққа елді мекен жұрты да бір марқайып қалды. Ал жол мәселесіне қатысты аудан әкімінің жоспары басқа.

– Бұйыртса, осы маусымда сіздердің газ тұтынуларыңызға жағдай жасаймыз. Ал жол құрылысына келсек, ауылдағы жол сапасының сын көтермейтіні мені де алаңдатады. Бірақ бірінші кезекте газ құрылысын аяқтап алайық. Себебі бірінші жол құрылысын бастасақ, ертең газ жүргізу үшін ол жолды қайтадан қазамыз. Мұнан ел ішінде басқаша түсінік қалыптасады. Не нәрсенің де мен үшін бірінші сапалы аяқталғаны маңызды. Ауылдағы ішкі көшелердің сапасы да біздің назарымызда. Алдымен газды бітірсек, жол құрылысына да кезек келеді, – деді аудан әкімі.

Ардақ Әбдіғаппарұлының бұл ойын ауыл халқы қос қолдап қолдады. Расында сөзінің жаны бар, жаңадан төселген асфальт ертең қайта сүрілсе, кімнің болса да жақсылыққа жорымайтыны анық. Сондықтан бұл жоспарын біз де қолдаймыз.

Ауылдағы тағы бір мәселе электр жарығына байланысты. Былтыр электр жарығы жаңғыртылғанымен жергілікті халық оның игілігін көре алмай отыр. Жалпы құны 200 млн теңгеге жуық жобаның аяқсыз қалғаны аудан әкімін де алаңдатады. Сондықтан өткен аптада мердігер мекемен бұл жобаны аяқтауға келіскен. Жуырда ауыл халқы электр жарығының да игілігін көреді.

**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

Тарих

# Қараңғыда жарық болған «Қазақ»

***«Күн болуға, күннен туған ұл болуға» ұмтылған Алаш зиялыларының XX ғасыр басындағы өлшеусіз еңбегінің бірі, қазаққа жасаған қайырлы ісінің зоры – «Қазақ» газеті.***



**Мемлекеттік орган істей алмайтын жұмысты атқарған**

Белгілі тарихшы, академик Мәмбет Қойгелді «Қазақ» газетінің қазақ үшін ақыл-ой орталығы болғанын айтады.

«Ұлт тарихында дәл «Қазақ» газеті секілді қазаққа жаны ашып, сол жолда шығарушы азаматтармен бірге репрессия құрбаны болған бірде-бір басылым болған жоқ. Оның идеясы да, авторлары да қитұрқы саясаттың құрбаны болды. «Қазақ» газеті өзіне де, өзгеге де мейірімсіз саяси жүйемен арпалысты күрес жүргізе отырып, қазақ өмірін тура түсініп қорыту, сол арқылы ұлттың ендігі міндеттерін анықтау және белгілеу ісін фундаментальды тұрғыда концептуалды деңгейге көтерген басылым болды. Біз оны жай ғана газет деп түсінсек, қателесеміз. Оның ауқымы кең» дейді ол.

Ғалым «Қазақ» газетін қазаққа ұстаз ретінде бағалады. Бір басылым бүтін бір мемлекеттік орган істей алмайтын жұмысты атқарғанын тілге тиек етті.

«Оны шығарушылар қазақ қоғамын қандай сапаға көтерді. Газеттің негізін қалап, ыстық-суығын көтерген Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтың өмір жолындағы ең құнарлы да жемісті шағы «Қазақ» газеті шығып тұрған кезеңге тұспа-тұс келді. Олардың шығармашылық өсіп-өркендеу жолы да осы кез еді» деп атап өтті М.Құлжабайұлы.

Тарих ғылымының докторы Светлана Смағұлова «Ахмет Байтұрсынұлы және «Қазақ» газеті» тақырыбында баяндама жасап, ұлт ұстазы, күрескер ақын, реформатор Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақ» газетін қазақтың жан жарасына айналған жер, тіл, дін, оқу және тағы басқа мәселелерді көтеретін басылымға айналдырғанын атап өтті.

«Қазақ» газеті – қазақтың тұңғыш төл энциклопедиясы. Ұлттық езгіде жатқан қазақтың ұйқысынан оянып, алдыңғы қатарлы елге айналуына, білімді, мәдениетті халықтардың қатарына көтерілуіне, ұлт-азаттық қозғалыс идеологиясының қалыптасуына күш салды. Кейіннен кеңестік жүйе тарапынан қатаң сынға ұшырап, «ұлтшылдықты» насихаттаудың бастауы осы органнан бастау алды деген тұжырымға тап болды.

Жалған жаламен жазаға ұшыраған қазақ зиялыларын айыптау, олардың ұлтшылдығы осы газетке жариялаған мақалалары мен осы газетті шығарудағы қызметтерімен дәлелденді. Газет беттерінен бірінші жаһандық соғыс кезінен бастап, Ресей империясы мен шет мемлекеттер арасында болып жатқан саяси оқиғалар жайында, Балқан соғысы, бірінші империалистік соғыстың басталуы мен оның барысы, Ресей мен Түркия арасындағы қарым-қатынастар, соғыс техникасы мен қару-жарақтар, Қытай елінің өз тәуелсіздігін қорғау үшін күрес барысы және дүниежүзілік империалистік соғыстың Қазақстанға тигізген әсері жөнінде мәлімет ала аласыз. «Қазақ» – 1916 жылғы дүрбелең, бұратана атанған халықтарды қара жұмысқа алу турасындағы патша Жарлығына қатысты туындаған жағдайды, ұлт зиялыларының осы мәселе төңірегіндегі ой-пікірлерді талдауға алған бірден-бір басылым. Тыл жұмысындағы қазақтардың ауыр жағдайын көтеріп, дабыл қаққан да осы «Қазақ» болатын» деді ғалым.

Профессор Бағдан Момынова «Қазақ» газеті арқылы көптеген сөзжасам мен тіркес бүгінге жеткенін айтса, Қазақстан Журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаев ұлттың үнін айшықтаған басылым жас тілшілерді тәрбиелеуде үлкен дәстүрге ие ірі мектеп екенін атап, «Қазақ» газетін толықтай мемлекет қамқорлығына алу керектігі туралы бастама көтерді. Тарихшы, академик Хангелді Әбжанов «Қазақ» газетін қайтадан ұлттық басылымға айналдыру туралы ұсыныс айтты. Сондай-ақ тарихшы газеттің толық нұсқасын кітап етіп шығару бастамасын көтерді.

Конференция соңында Ақпарат және қоғамдық даму министрінің орынбасары Қанат Ысқақов 2006 жылдан жазушы Қоғабай Сәрсекеев қайта жалғастырып шығара бастаған «Қазақ» газетінің Қостанайдағы меншікті тілшісі Серік Шайманды «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісімен, бас директор Қали Қамбаровты, бас редактор Жасұлан Мәуленұлын, тілші Қызжібек Әбдіғаниқызын «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісімен, дизайнер-беттеуші Айнұр Қайратбекқызын, тілші Замира Базарбайқызын «Құрмет» грамотасымен марапаттады. Ал «Қазақ» газетінің құрылтайшысы Махмұт Нәлібаев тарихи газеттің дамуына зор үлес қосқан бір топ тарихшы мен алаштанушыға «Қазақ» газетіне 110 жыл» мерейтойлық төсбелгісін табыстады.

Конференция аясында бұрынғы мен бүгінгі «Қазақ» газетінің тігінділері, 1913-1918 жылдардағы газеттердің төте жазудан қазіргі жазу үлгісіне көшіріліп, жарық көрген кітаптар көрмесі көпшілік назарына ұсынылды.

«Қазақ» газеті 1913-1918 жылдары аралығында Орынбордан шыққан. Айналдырған 5 жылдың ішінде (1913-1918 жылдар) «Қазақ» газетінің 266 саны жарық көрген. Газеттің бір жылға жазылу құны 3 рубль, жарты жылға 1 рубль 75 тиын, 3 айға 1 рубль, жекелеген нөмір бағасы 5 тиын болған. Ол қазіргі теңгемен есептегенде 1 жылға – 10584, 6 айға – 5 747, 3 айға – 3 283 теңге.

**Қазақ» газетіне Түркістан, Еділ, Орал, Анадолыдан жазылған**

Ғалымдардың дәйегінше, «Қазақ» газетінің айналасында әлі де терең зерттеп-зерделеуді қажет ететін дүниелер аз емес. Мәселен, жас алаштанушы-ғалым Елдос Тоқтарбайдың айтуынша, тыңғылықты зерттеу жүргізуге еліміздегі тарих, журналистика, филология факультеттерінде ескі жазу курстарының болмауы кері әсер етіп отыр.

«Өкінішке қарай, еліміздің бірде-бір оқу орнының тарих, журналистика, филология факультеттерінде ескі жазу курстары жүргізілмейді. Оларды оқи алмағандықтан, студенттер көне газеттердегі біздің тарихымызды тануға ықылассыз. Кезінде Ү.Сұбханбердина апамыз үш тілде дайындаған «Қазақ газеті» кітабы, С.Смағұлова әзірлеген кириллицадағы кітапты пайдаланады. 1916,1917,1918 жылдарғы «Қазақ» газеті ешкімнің қолында жоқ. Газеттің ең негізгі шарықтаған кезеңдері – осы тұстар. Оны ескі жазуды танитын аз ғана азаматтар біледі» дейді ол.

Е.Тоқтарбай әлі «Қазақ» газетінің 17 саны табылмағанын айтып, оларды шетелдегі абоненттердің сақталған коллекциялық қорларынан не Ресей мұрағаттарынан табылып қала ма деп үміттенетінін жеткізді. Сондай-ақ ол «Қазақ» газетін қайта жаңғыртқан кезде осы газетті зерттейтін орталық құрылмағанын ескере келе, алдағы уақытта қазақ газеттерін, баспасөзін зерттейтін институт жасауды қолға алуды ұсынды. Айтуынша, жас ұрпақ сол уақыттың үнін газеттер арқылы танып біледі.

«Қазақ» газетінің Түркістан, Еділ, Орал, Анадолыда жазылу абоненттері болды. Түркияның Ыстанбұл, Мерсин, Маниса қаласында түрік зиялылары тұрақты жазылып отырған. Жауапты орындар назарға алып, Алаш баспасөзінің әр нөмірін факсимилесімен әзірлеп, баспасөз энциклопедиясын дайындауымыз керек деген ұсынысым бар» деді ғалым.

Елдос Тоқтарбайдың дерегінше, «Қазақ» газетінде 3866 бүркеншік есімнің кімге тиесілі екені анықталмаған. Болашақта соған байланысты «Бүркеншік есімдер сыры» деген атпен кітап дайындау жоспары бар.

«Аталы жұртымыздың, ауданды ұлтымыздың аты деп, газетіміздің есімін «Қазақ» қойдық. Ұлт үшін деген істің ұлғаюына күшін қосып, көмектесіп, қызмет ету – қазақ баласына міндет. Жол ұзақ, ғұмыр қысқа, қолдан келгенше, ғұмыр жеткенше істеп кетелік. Малша оттап, асап ішіп, халық үшін қам қылмай, қарын тойғанына мәз болып, мал өлімінде өлмейік!»

**Ахмет Байтұрсынұлы,**
**«Қазақ» газеті, 1913 жыл, №1**

«Бұл күнде оқудың керек екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Кейін қалудың себебі оқудың кемдігінен екендігін көріп тұрмыз. Қазақ биыл 5 тиынға келісіп сатқан нәрсесін келер жылы 10 тиынға қайта сатып алады. Үкімет қазақтың қазақша оқуын тіпті тілемейді, сол үшін қазақша оқуды халыққа тарату – өз міндетіміз»

**Ахмет Байтұрсынұлы**
**«Оқу жайы»**
**«Қазақ» газеті, 1913 жыл, №11**

«…Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын! Балам деп бағып, оқытып, адам қылғаннан кейін жұртым деп танымаса, сонда өкпелеу жөн ғой. Аталық міндетін атқарып отырған жұрт жоқ, жұртқа борыштымын деп жүрген қазақ баласы жоқ. Баққан – қазына, қазынаға борыштымыз деп жүр. Жастарды оқыту расходынан қашып, қазынаға борышты қылып қойса, жастарда не жазық бар? Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы. Құлша тәрбиелесең құл болмақшы…»

**Ахмет Байтұрсынұлы.**
**«Оқу жайы»**
**«Қазақ» газеті, 1913 жыл, №11**

«...Біздің қазақ өзінің атынан айырылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениетін» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиетін» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы»

**Түрік баласы.**
**«Қазақ тарихы».**
**«Қазақ» газеті**
**16 ақпан, 1913 жыл, №3.**

Алматыдағы Ұлттық кітапханада зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен «Қазақ» газетінің жарыққа шыққанына 110 жыл толуына орай конференция өтті. Жиынды ашқан сол кездегі Ақпарат және қоғамдық даму вице-министрі Қанат Ысқақов бұрынғы министр Дархан Қыдырәлінің арнайы жолдаған құттықтау хатын оқып, газеттің өткені мен бүгінге қалдырған мұрасы туралы айтты. Осыдан 110 жыл бұрын XX ғасыр басындағы үміт пен үрейдің арасындағы арпалыс күресте ұлттың жоғын жоқтап, қажетін түгендеген «Қазақ» газетінің алғашқы нөмірі шыққанын еске алды. Газет ұлттық ренесанстың бастауында тұрып, халықтың ақыл-ойын, сана-сезімін мүлде бөлек арнаға бұрғанын, тек басылым ғана емес, халықтың үні болғанын, елдің мақсат-мұратын тоғыстырып, ұлттық сананың оянуына ықпал еткен қозғаушы күш биігіне көтерілгенін атап өтті. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатұлы секілді ұлт зиялыларының есімдерімен ұштасып жатқан басылым талай тарихтың куәсі, халықтың рухани қазынасы екенін атап өтті. Ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының «Газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі» деген әйгілі сөзі ғасырдан аса уақыт бойы қазақ баспасөзінің дамуына демеу болып, ұранына айналғанын жеткізді.

Қанат Ысқақовтың айтуынша, «Қазақ» газеті бүгінде кейбір республикалық газеттер еңсере алмай отырған 6 мың дана таралыммен тараған, ел ықыласына ие басылым болған. Сонымен қатар ол қазір де Үкімет алаштықтардың жолын жалғаған басылымды әрдайым қолдайтынын мәлімдеді.

**«Қазақ» газеті толық зерттеліп біткен жоқ**

Қандай да бар идеяның кең қанат жаюы, ел арасында таралуы, көпшіліктің ықыласына бөленуі үшін міндетті түрде сол идеяны таратушы шешендер, көсемдер болуы керек. Тағы бір маңызды шарт – сол идеяның таралатын трибунасы болуы шарт. Бұл тұрғыдан келгенде біз Алаш идеясының кең қанат жаюына негізгі тірек болған баспасөз – «Қазақ» газеті.

«Қазақ» газеті 1913-1918 жылдары аралығында жарық көрген. Әрине, ол қазақ баспасөзінің тарихындағы тұңғыш басылым емес. 1870 жылы шыққан «Түркістан уәләяты», 1888 жылғы «Дала уәләятының газеті», «Торғай» газеті дегендей басылымдар болған. Бірақ бұл аталған басылымдарға қарағанда «Қазақ» газеті ұлттық, демократиялық, сол идеяны таратып отырған адамдардың өздері шығарған ұлттық дербес басылым болуымен ерекше.

Шынтуайтына келгенде, қазақтың тәуелсіз, дербес газет шығару мәселесі 1904 жылы Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлының Омбыда бас қосқан тұсында өзара іштей айқындалған болуы әбден мүмкін. 1905 жылы ол Қарқаралы құзырхатында анық көрініс тапты. Егер Қарқаралы құзырхатына 14 мың адамның қол қойғанын ескерсек, газет шығару мәселесі сол кездегі негізгі күн тәртібіндегі мәселенің бірі екенін аңғарамыз. Бірақ қаржы және басқа да ұйымдастыру себептерінен ұлттық басылым шығару мәселесі кешігіп, 1911 жылы нақты жүзеге асты. 1907 жылы Петербургте татардың «Улфат» деген газетіне қосымша болып «Серке» газеті, 1911 жылы «Қазақстан» газеті шықты. Бірақ олар ұзақ мерзімге жете алмаған, басқаша айтқанда, жөргегінде тұншыққан басылым болғандықтан, ұлттың ұлы миссиясын ұйымдастырған, ұлттың руханияты мен мәдениетіне, әдебиетіне елеулі түр енгізген басылым деп «Қазақ» газетін айтамыз.

Жалпы сол тұста газет шығару үшін екі шарттың бірі болуға тиіс еді. Бірі – қаржы мәселесі, екіншісі – жазатын авторлардың, қалам тербейтін қайраткерлердің кемдігі. Бұл екі мәселеде де сол кездегі қазақ руханияты, қазақ қоғамы үшін өте шетін мәселе болды. Өйткені газетке жаза білетін, қалам тербей білетін, өз ойындағысын анық түсіре білетін қайраткерлер аз болды. Соның барлығын «Қазақ» газеті өткере алды. Қазір «Қазақ» газеті қаржының жоқтығынан, пұлдың кемдігінен жабылып қалды» деген ақпарат айтылып жүр. Олай емес. «Қазақ» газеті жабылған 1918 жылда оның жеке баспаханасы және жеке кітапханасы бар еді. Бұл туралы Міржақып Дулатұлының өзі де жазады. Оны жапқызған саяси себептер Орынбордағы «қызылдардың» басып алуы, 1918 жылдағы аласапыран жағдай газеттің баянды түрде шығып тұруына мұрсат бермеді.

Жалпы «Қазақ» газеті шыққан тұста «Азамат» серіктестігі болды. Ол – «Қазақ» газетінің сол тұстағы қаржы мәселесінде өзге де басылымдарға көрсеткен үлгісі. «Азамат» серіктестігіне мүше болып кірген адамдар жарна береді. Ол жарнадан газет шығарады және одан артылған ақшаға кітап бастырып шығарады. Кейін ол кітапты газет баспаханасында, редакциясында сатады. Былайша айтқанда, «Қазақ» газетін меңгеріп отырған зиялылар тек газет басуды былай қойғанда, кітап бастырып шығарып, оның саудасын жолға қойып, өзінің қаржылық мәселелерін шешіп отырды. Одан кейін газетке «иғлан», яғни қазіргі тілмен айтқанда, жарнама беру арқылы да тиісті ақшасын тауып отырды. Мысалы, «Қазақ» газетінің бірінші бетінде басылатын мақалалардың, жарнаманың ақшасы бөлек болды, соңғы бетінде басылатын жарнамалардың ақшасы бөлек болды. Осындай жолдармен «Қазақ» газеті өзін-өзі қаржыландырып отырған. Яғни ол – сондай қиын-қалтарыста қаржылық жағынан өзін-өзі қаржыландырып, жол тауып шыққан газет. Рас, әу баста демеушілерге сүйенді, бірақ біртіндеп өмірге бейімделе отырып, өзін қаржылық тұрғыдан толыққанды қамтамасыз етті.

«Қазақ» газеті – қазақ руханиятында қазақтың жазба тілін, әдеби тілін, қазақтың жазушы қауымын, авторларды қалыптастырған газет. Осы газет арқылы жазуға, қаламға төселген қайраткерлер шықты.

«Қазақ» газеті жолға қойған «Азамат» серіктестігінен кейін, газет ісінде «Еңбек» серіктестігі, «Бірлік туы» серіктестігі, «Уақ-қара» серіктестігі деген бірқыдыру серіктестік құрылды. Яғни «Қазақ» газеті өзінен кейін шыққан «Ұран», «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Жас азамат», «Абай» сияқты басылымдарға қазақтың дербес газетін шығару ісінде үлгі-өрнек көрсеткен ата басылым, жолбасшы деп айтсақ болады.

Алғашқы әңгіме, алғашқы роман бәйгесі де «Қазақ» газетінде жүрді. Алғашқы тарихи шежірелердің жазылуы хатқа сол «Қазақ» газеті арқылы түсті. Алғашқы әлеуметтік мәселелер жазылды. Қай тұрғыдан келсек те «Қазақ» газетінде сол кездегі қазақ өмірінің қалтарыс-бұлтарысы, мәселелері хатқа түсті. Яғни «Қазақ» газеті қазақ өмірінің энциклопедиясы деп айтсақ болады. «Қазақ» газетінің маңыздылығы біздегі әдеби-жазба мұраларды қалдырумен ғана емес, оның деректанулық маңызының да жоғарылығымен айқындалады. Оны оқып отырып, осыдан 100-110 жыл ілгері болған тарихи құбылыстардың және оқиғалардың анық дерегін таба аламыз. Кей деректер бойынша, 1913-1918 жылдары 265 нөмірі шыққан. Бірақ қазір анықталғандай, газеттің 268-нөмірі белгілі болып отыр. Міне, осы тұрғыдан келгенде әлі де газеттің қалған нөмірлері табылуы мүмкін. Сондықтан «Қазақ» газетін зерттеуге түбегейлі нүкте қойылды деп айта алмаймыз. Себебі біз оны толыққанды қағаз бетіне түсіріп, бүгінгі кириллицаға аударып, көпшілік оқырманға ұсына алмай отырмыз. Оның тек 1913, 1914, 1915 жылдарғы нөмірі ғана кітап болып, жинақ түрінде кириллицаға аударылып шықты, қалғаны әлі шыққан жоқ. Сондықтан бұл көпшілік оқырманға қолжетімді, кез келген зерттеуші пайдалана алатын деңгейде емес. Аз шоғырдағы архивпен, сирек қормен жұмыс істейтін мамандар керекті санын, керекті дерегін пайдаланып отыр. Әлі де кең ауқымда «Қазақ» газетін насихаттап, жарыққа шығара алмай отырмыз.

**Әсел МҰРАТБЕКҚЫЗЫ**

Кеңес

**«Amanat» партиясы аудандық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының кезекті отырысы өтті. Аудандық мәслихат депутаты Қайрат Досымов төрағалық еткен жиында күн тәртібіндегі 2 мәселе қаралды.**

# Мәселелер назарға алынды



Қазіргі таңда аудан бойынша орталықтандырылған деректер қорына 973 мүгедектігі бар адам тіркелген. Мүгедектерге «кедергісіз орта» қалыптастыру мақсатында арнайы іс-шаралар жоспары бекітіліп, 2023-2027 жылдарға арналған ерекше қажеттіліктері бар адамдар үшін инфрақұрылымды жақсарту жұмыстары жүргізілуде. Атап айтқанда, биыл «Мүгедектігі бар тұлғаларды оңалту шараларын жүзеге асыру бойынша мүгедектер үшін «Инватакси» қызметін ұйымдастыру және көрсетуге 6 млн 956 мың теңге қаралып, «Тұран-Шах Қызылорда» мүгедектер қоғамдық бірлестігімен 2024 жылдың наурыз айынан бастап 5556 мың теңгеге келісім-шарт негізінде 2 автокөлік қызмет көрсетіліп келеді.

– Бүгінгі таңда мүгедектердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін ауданда барлығы 125 нысан түгенделіп, республикалық қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілді, – деді аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Қанат Бөлембаев.

Аудандағы «Мансап» орталығының атқарған жұмысы және алдағы міндеттері туралы «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ Жалағаш ауданының «Мансап орталығы» филиалының директоры Ғалымжан Телібаев хабарлама жасады. Сөзінше Жұмыспен қамту органдарына жұмыс іздеуші ретінде жүгінген 1872 адамның ішінен тұжырымдамаға қатысушы ретінде 721 адам тіркелген. «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздеріне оқытуға 144 адам жолданып, олардың 100-і оқу курсын аяқтап, сертификатын алған. 47-сі өз кәсібін ашып, 2 адам қайтарымсыз грант алған.

– «Ұрпақтар келісім шарты» жобасына 2 адам жолданды. «Күміс жас» жобасына 25 адам жолданып, оның 10-ы жұмысын аяқтап, алтауы орталық қызметкерлерінің мониторинг жүргізу нәтижесінде мерзімінен бұрын босатылды. «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 8 адам жолданып, 1-еуі орталық қызметкерлерінің мониторинг жүргізу нәтижесінде мерзімінен бұрын жұмысынан босатылды. Ақылы қоғамдық жұмыстарға 615 адам жолданды, оның ішінде 62 адам жұмысын аяқтап, 5-еуі тұрақты жұмысқа орналасты – деді орталық директоры Ғалымжан Телібаев.

Жиында қатысушылар тарапынан салаға қатысты бірқатар ұсыныс айтылып, әлеуметтің әлеуетін арттыру, елдің тұрмыс сапасын жақсарту, мүмкіндігі шектеулі жандарға «кедергісіз орта» қалыптастыру күн тәртібінен түспейтіні тілге тиек етілді. Салаға жауапты бөлім мен орталық басшысы алдағы уақытта бұл бағытта тиісті жұмыстар қолға алынатынын жеткізді.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

Сақтансаң, сақтайды



# Суға түсу кезінде қауіпсіздік шараларын сақтаңыз!

Суға шомылудың қауіпсіздік шаралары мен ережелерін сақтамаған жағдайда демалыс сәті қас-қағымда қайғылы жағдайға айналып шыға келуі мүмкін. Сондықтан суға шомылуда сақталуға тиісті қауіпсіздік шараларын назардан шығармаңыз.

Біріншіден, шомылуды ашық, желсіз күні бастаңыз. Ауа температурасы 20-25, 17-19 градустан кем болмағаны дұрыс. Қоршалмаған ашық жерлерде тұруға және ойнауға болмайды. Суда жүзуді білмеген жағдайда су жағасынан алысырақ тұру керек.

Судың түбінде қауіпті заттар болуы мүмкін, сол себепті таныс емес жерлерде сүңгуге, белгіленген жерден қашыққа жүзуге болмайды. Бастауыш мектептің оқушыларына ата-анасының рұқсатынсыз не болмаса үлкендердің бақылауынсыз су қоймаларына баруға болмайды.

Балалар үрлеген матрастармен және камералардың көмегімен жүзгенді ұнатады. Сонымен қатар қолдан жасалған жүзу құралдарын пайдаланады, бұл өте қауіпті. Қолдан жасалған жүзу құралдары аударылып кетуі мүмкін, ал үрген матрастар мен камераларды жел алысқа алып кетуі мүмкін. Қайықтың ішінде ойнауға, қайықты шайқауға, тұрып орын ауыстыруға, ернеуден төмен жылжуға болмайды. Су қоймаларында адамдардың суасты ойындарына шектеу қойылады, себебі тұншығып қалулары мүмкін.

Жүзушіге суда демала білуді үйрену өте маңызды. Бұл әдісті тайыз жерден бастаған дұрыс. Бірінші әдіс аяқ пен қолды жазып, көзді жұмып, басын суға салып, арқамен жату керек. Осы қалыпта баяу қимылдау қажет. Терең дем алып, өкпедегі ауаны ұстай білген жөн.

Екінші әдіс «қалтқы» сияқты денені жинап, ауаны ішке жұтып, бетін суға салып, екі тізені құшақтап қысып, дем шығаруды тоқтату керек (күшке салмау). Кейін суда баяу дем шығару, сонан соң су бетінде тез демалу және тағы да «қалтқы» болу соңғы әдісті үйренуге әсерін тигізеді.

Әр бала суда жүзуді үлкендердің көмегімен үйренуі қажет. Әрбір адамға осы жоғарыда айтылғандардың бәрін біліп жүрген артық етпейді, судағы қауіпсіздік ережелерін сақтап жүргенде ғана келеңсіз жағдайлардың орын алмасы анық.

**Аудандық төтенше жағдайлар бөлімі**

Бағдарлама игілігі

# «Ауыл аманаты» – ауыл тұрғындарына үлкен мүмкіндік

**Бүгінде Сыр өңірінің халқы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді жан-жақты қолдау, ел тұрғындарын аграрлық бизнеске барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігі және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешу мақсатында жүзеге асып жатқан «Ауыл аманаты» мемлекеттік бағдарламасына ерекше ынта танытып отыр. Бұл сөзімізге аталған бағдарламамен кәсіп бастап, өз ісін өрістетіп отырған тұрғындар дәлел.**



Жылдық 2,5 пайызбен жеңілдетілген несиелеу азаматтарға өзінің бизнес идеяларын жүзеге асыруға, өз ісін дөңгелентуге және жұмыссыздықты азайтуға мүмкіндік беріп отырғаны рас. Өйткені бағдарламаның оң нәтижесі көз алдымызда. Мәселен, ауданымызда бүгінге дейін 3001 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелсе, қазіргі таңда оның 95,2 пайызы нақты жұмыс істеп тұр. Сала мамандарының айтуынша, алдағы уақытта тағы да тың жобалар жұмысын бастамақ.

«Ауыл аманаты» жобасын іске асыруда былтыр республикалық бюджеттен 3 млрд теңге қаралып, 406 жоба несиелендірілген, нәтижесінде 713 жұмыс орны ашылған. Биыл 4 млрд 600 млн теңге қаржы бөлінуде. Бүгінгі күнге дейін аймағымызда 1 томат пастасы цехы, 34 жылыжай ашылып, 671 асылтұқымды төрт түлік сатып алынған. Сонымен бірге 21 сүт және ет өнімдері өндірісі ашылып, 66 ауыл шаруашылығы техникасы әкелінген. Оған қоса 14 балық шаруашылығы, 18 құс шаруашылығы өркен жайды. Жоба қатысушыларының арасынан 38 адам кондитер және нан өнімдерін пісірумен айналысып, 3 гидропоника, 7 жиһаз, 34 пластикалық өнімдер мен құрылыс материалдары өндірісі, 98 қызмет көрсету орны жұмысын бастаған.



Сонымен қатар «Ауыл аманаты» жобасымен қамтылған 106 елді мекенде 51 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылып, 33 кооператив 716 млн теңгеге қаржыландырылған. Биылға орта есеппен 8 млн теңгеден алғанда, 575 жоба жүзеге асып, сәйкесінше 610 жұмыс орнын ашу көзделуде.

Жалағаштықтар да бағдарламаның игілігін көріп, жаппай кәсіп ашуға ұмтылуда. Осы орайда бағдарламаның тиімділігі мен қаржы ұйымының талаптарын түсіндіру үшін аудан әкімінің орынбасарлары мен тиісті сала басшылары тарапынан былтыр Жалағаш кенті және ауылдық округ тұрғындарымен 30 кездесу ұйымдастырылған. Аудан әкімінің хаттамалық тапсырмасында кент және ауылдық округ әкімдері «Ауыл аманаты» жобасы бойынша кемінде екі жобадан қаржыландыру тапсырылған. Бүгінде кент пен 8 ауылдық округ бойынша «Байқоңыр ӘКК» АҚ арқылы өндіріс, асыл тұқымды мал шаруашылығы, қызмет көрсету, өсімдік шаруашылығы бағытында 179,7 млн теңгені құрайтын 22 жоба қаржыландырылған.

Жалпы, ауданда былтыр мемлекеттік бағдарламалар арқылы және жеке қаражаттар есебінен жалпы құны 1 млрд 701 млн теңгені құрайтын 16 жоба іске қосылған. Нәтижесінде 86 адам жұмыспен қамтылды. Мәселен, жеке кәсіпкер А.Ермекбаевтың антифриз өндіру цехында 2 адам жұмысқа орналасқан. Б.Айбекованың 120 орындық «Жеті қазына» балабақшасында 18 адам жұмыс істейді. И.Күзековтың 50 орындық «Арун KIDS» балабақшасында 9 адам жұмыспен қамтылған. «Сыздық» ШҚ-ның тәулігіне 60 тонна күріш ақтау және жем өндіру зауытында 8 жаңа жұмыс орны ашылды. Б.Қошқарбаевтың көлік жуу орталығында 3 адам жұмыспен қамтылған. Б.Алдабергеновтің көлік жуу орталығы да 3 адамды жұмыспен қамтып отыр. Аудандағы жұмыссыздық мәселесін бір ғана саламен түбегейлі шешу мүмкін емес те шығар. Бірақ кәсіпкерлік саласын дамыту арқылы жұмыссыздық деңгейін мейлінше төмендетуге болатынына көз жеткендей.

Айта кетейік, «Ауыл аманаты» бағдарламасына қатысуға ниет білдірген азаматтар үшін электронды ақпараттық жүйе әзірленуде. Портал жеңілдетілген несие алып, кәсіп ашуды көздеген адамға тиісті өтінімді үйден шықпай-ақ қашықтан беруге мүмкіндік туғызбақ. Жетілдірудің түпкілікті мақсаты – ауыл тұрғындарының табысын арттыру екені сөзсіз. Сондықтан берілетін несиелер ауылдағы ағайынның тұрақты табысқа қол жеткізуіне ықпал етуі тиіс.

**Жандос ЖАЗКЕН**

## Ата кәсіпті қолға алған



**Еңбекте соңғы жылдары кәсіпкерлік саласы алға басып, жергілікті тұрғындардың мемлекеттік бағдарламаны тиімді пайдалануға ынтасы артып келеді. Бірі қайтарымсыз грантпен тігін цехын ашуға бел буса, енді бірі кондитерлік өнім өндіруге талаптанып отыр. Олардың алды бүгінде бастаған ісінің жемісін көре бастады. Ал 1997 жылдан бері мал шаруашылығын дамытуға бел буған Бейбітшілік Толыбаев биыл тағы мемлекеттік бағдарламамен несие алып, мал басын асылдандыру ісін қолға ала бастады.**

1997 жылы «Боранбай» шаруа қожалығын құрған кейіпкеріміз бүгінде қорадағы ірі қара санын жүзден асырған. Осыған дейін асылтұқымды ақбас бұқалар мен жергілікті сиырлар сатып алған төраға бүгінде 4-5 адамды жұмыспен қамтып отыр. Алдағы уақытта ешқандай шатысы жоқ, тек асылтұқымды ірі қара басын көбейтуді көздеген кейіпкеріміз мемлекеттік бағдарламаның арқасында пайыздық үстемақысы төмен 15 млн теңгеге қол жеткізіпті. Бұйыртса, аққошқарлық кәсіпкер Арал ауданынан асыл тұқымды мал алып келуге жолға шыққалы отырғанын айтады.

– Мал шаруашылығымен айналысып келе жатқаныма 25 жылдай уақыт болыпты. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында малдың өзі де, еті де арзан болатын. Алайда болашақта оның өнімінің өтімді боларына сеніп, шаруашылық құруға бел будым. Қазір жаман емес, бастаған ісімнің жемісін көріп келемін. Қазір төрт түліктің өзінің де, етінің де нарықтағы бағасы қымбат. «Баға неге шарықтап барады?» деп байбалам салудың қажеті жоқ. Себебі бүгінде ауылда отырып, қорада мал ұстауға құлқы жоқтар да бар. Тіпті ауылдық жерде отырып, нан сатып алатындарды көріп таңқалған кездер де болды. Мал бағу оңай шаруа емес. Оны шаруашылық құрып, мал бордақылап отырғандар жақсы біледі. Себебі бүгінде мал азығы да жиі қымбаттап жатыр, нарыққа ілесу керек, – дейді кәсіпкер.

Бейбітшілік ағамыз ата кәсіпті қолға алғалы оның бабын жасаудың да қыр-сырына әбден қаныққан. Сыртынан қараған жанға үйіп-төгіп азығын алдына қойсаң, төрт түліктің кез келгені етті мол беретін сияқты. Алайда әр үй жануарының күтімін жасаудың өзіндік әдісі бар. Мәселен, сиырдың таңғы азығын мол беріп, түсте жемдеудің аса қажеті жоқ екен. Ал кешкі азығын таңмен бірдей салу керек. Сонда ғана бағымдағы мал ерте қоң жинап, иесін шығынға батырмайтын көрінеді. Түскі азығын аз салмасаң, ірі қараның күтімінде қателікке бой алдырдым дей беріңіз.

Жалпы екеуара әңгіме барысында шаруашылық төрағасының расында малды күтіп-баптаудың барлық әдісін меңгергенін аңғардық. Ағамыз бірақ мұнымен шектелгісі жоқ, алдағы уақытта әлі де сырттан асыл тұқымды ірі қара алып келіп, олардың санын еселеу Бейбітшіліктің күн тәртібінде тұр екен.

– Бұрын тек сырттан асыл тұқымды ақбас бұқалар алып келіп, жергілікті сиырлармен будандастыру арқылы олардың санында өсім қалыптастырғанмын. Енді аналық сиырды да, бұқаны да таза асылтұқымды мал асырап отырған шаруашылықтардан алып, олардың санын көбейтемін. Мұндай жетістікке қол жеткізу бағы тәуелсіздіктің арқасында бұйырып отыр. Себебі кәсіпкерлікті қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалар ел егемендік алғаннан кейін ғана қолға алынды. Оның жемісін бүгінде халық көріп отыр және солардың қатарында мен де бармын. Жалпы төрт түлік жесең азық, ішсең сусын, мінсең көлік. Оның пайдасын ата-бабамыз бұрын байқаса, біз енді біліп жатырмыз. мұндай шаруашылықтардың көп болғаны халық үшін де, мемлекет үшін де тиімді. Бұйыртса, жақында Арал ауданынан асылтұқымды мал алып келемін. Мал басында өсім қалыптасса, жұмыс орындарын да көбейтуді көздеп отырмын, – дейді іскер азамат.

Аққошқарлық кәсіпкер үшін мал азығы да биыл аса мәселе болмайды. Себебі төраға 300 гектар жайылымдық жерінің 50 гектарын жоңышқа егуге дайындап қойған. Биыл жоңышқа өсіру ісін бастап та кетті. Қажетті техникаларын да жарақтап қойған. Өзі бала-шағасымен облыс орталығында тұрғанымен бақташылар мұнда төрағаның орнын жоқтатпайды. Себебі уақытылы айлығын алып отыр.

Құрылғанына 30 жылға жуық уақыт болған «Боранбай» шаруа қожалығының бүгінде шаруасы ширақ. Себебі мына ыстықта шаруашылықтардың көбісі мал бордақылауды күзге дейін тоқтатады екен. Жылдың төрт мезгілінде де тұтынушыларын өз өнімімен қамтамасыз етіп отырған Бейбітшілік ағамыз бүгінде сиыр етіне сұраныстың артқаны мал шаруашылығын қолға алған кәсіпкерлер үшін тиімді болып отырғанын жасырмайды.

**Ерлан СОЗАҚБАЕВ**

Кәсіп

# Балықтан береке тапқан

**Балық шаруашылығымен дүниежүзінде Жапония, Қытай, АҚШ, Чили, Перу және Ресей елдері көптеп айналысады. Шаруашылықтың бұл түріне біздің елде де қызығушылар қатары көп. Солардың бірі – 1995 жылдан бастап ауданда балық кәсібін дамытуда сүбелі үлес қосып келе жатқан белгілі отбасылық кәсіпкерлер Алпысбаевтар әулеті. Олар бүгінге дейін су маржандарын мұздатқышта сақтап, аудан, облыс орталықтарындағы халықпен тығыз байланыс орнатып, кәсібінен нәсіп тауып отыр. Жақында олардың отбасылық кәсібін көзімізбен көріп, тыныс-тіршілігімен танысып қайтқан болатынбыз.**




Кәсіп иесі – Нұржан Ералиев 10 жасынан атакәсіпті қолға алып, мал шаруашылығымен де айналысқан. Еңбекке ден қойған еңбексүйгіш кейіпкеріміз Нұржан Алпысбайұлының бүгінде немересінің атынан ашқан «Айсұлтан» атты шаруақожалығы бар. Бала күнінен атакәсіпке бетбұрған кейіпкеріміз ең әуелі 70-80 қой бағыпты. Ал қазір аталған шаруақожалықта 50-ден аса жылқы мен 100-ге тарта сиыры бар. Ол жылқыны бордақылап, төл басын көбейту мақсатында ұстайды. Ал балық кәсібін ол сонау 1995 жылдың қараша айынан бастап өз қаражаты есебінен ашқан.

– 1994-1995 жылдар еліміз үшін қиын кезеңдер болды. Бірнеше мекеме жабылып, қызметкерлер жұмыссыз қалды. Мен ол кезде теміржолдың арғы бетінде техника және құрылыс заттарын сататын мекемеде жұмыс жасайтынмын. Жұмыссыз қалған соң бала-шағамды жеткізу үшін кәсіп бастаймын деп шештім. Менің мұндай батыл қадамға баруыма досым себепкер болды. Бірде ол маған «біз балық аулап әкелейік, сен соны сат» деп ұсыныс тастады, – дейді кейіпкеріміз.

Нұржан ағаның айтуынша олар балықты лимиті бар жеке көлдерден алады. Сәуір және мамыр айында балық болмайды. Қалған айларда лимиті бар көлдерден тиімді бағада сатып алып, арасында өздері де аулайды екен. Ол қазір күніге лимиті бар көлдерден шамамен 100 кг жуық балық сатып алса, ал күз мезгілінде 300-400 кг жуық балық алып, көбіне балықтың сазан, карас түрлерін сатады.

– Бұрын балықты сатып алып вокзалға дейін жаяу баратынбыз. Ол кезде «тоқылдақ» деген пойыз бар. Иығыма 30-40 келі балықты салып алып, облыс орталығына барып саттық. Ол жерден өтпесе қаланы жаяу аралап сатқан күндеріміз де болды. Кейін жеңіл автокөлік алып, қалаға сонымен қатынадық. Қиын шақтардың барлығында келіншегім қасымда болып, маған үлкен қолдау көрсетіп, қол көмегін де аямады. Қаптың бір жағын ұстап, менімен қатар жұмыс жасады. Атам қазақ айтады ғой, «бейнеттің де зейнеті бар» деп. Шүкір, қазір сол еңбектің арқасында шағын кәсібімізді ашып, отбасымызбен бірлесіп жұмыс жасаудамыз, – дейді кәсіпкер.



Иә, бұл отбасылық кәсіп болғандықтан мұнда Нұржан ағадан тараған ұлдар да осы салада еңбек етуде. Ол ұлдарының жоғары білімді екенін айта отырып, кәсіптеріне сіңірген еңбектері зор екенін де жеткізді. Ұлдары бүгінде кәсіптерінің тасын өрге домалату бағытында мал басын көбейтуді көздесе, келіндері аудан орталығынан балық цехын ашуды жоспарлап отыр.

Сұхбат барысында «жақсының жақсылығын айт, мерейі үстем болсын» деген Нұржан Алпысбайұлы кәсібін дөңгелентуге аудан әкімдігінен үлкен қолдау болғанын да жасырмады.

– Ұлан деген әкімнің орынбасары болды. Бірде сол кісі «балығыңды осылай қалаға таси бересің ба? Аудан тұрғындарына да қызмет жасасай» деп ұсыныс тастады. Содан бизнес жоспар жасап, облысқа ұсыныс тастау арқылы аудан әкімшілігі шағын дүкеніме тегін жер берді. Осылайша 7 жыл бұрын ауданнан «Алтын балық» деген дүкен аштық, – дейді ол.

Иә, балық етінің адамзат баласына тигізер пайдасы мол екенін медицина мамандары үздіксіз айтуда. Бір адам жылына шамамен 14 келі балық етін тұтынуы қажет екен. Өйткені балықтың құрамында 20 түрлі амин қышқылы бар, оның сегізі адам өмірі үшін өте қажетті зат болып табылады. Кейіпкеріміздің айтуынша кез келген жерде балыққа деген сұраныс жоғары. Оған балық бағасы аспандап тұрса да, ойланбастан алатын тұтынушылар дәлел. Кәсіпкер ең әуелі балықпен аудан халқын қамтамасыз етіп, артылған жағдайда ғана қалаға жібереді. Одан бөлек, балыққа той-томалақ, мерекелік дастархандарға, тойханалардан алдын ала арнайы тапсырыс түседі.

– Мен «Алтын балық» дүкенінің тұрақты тұтынушысымын. Жиі балық алып, үйде отбасымызбен қуырып жейміз. Дүкенде көбіне Әлия апай тұрады. Ол кісінің халықпен жұмыс жасауы, сыпайылығы ұнайды. Балғын күйінде тұрған балықтар тез өтіп кететіндіктен ертерек алып қалуға тырысамын, – дейді кент тұрғыны Әйгерім Жаппарқызы.

Кейіпкеріміз Нұржан Алпысбайұлы мұнымен тоқтап қалмай, алдағы уақытта кәсібінің көкжиегін кеңейтуді көздеп отыр. Ол келешекте балықты өңдеу, тұздау, фарш жасауды қолға алып, балық өсіретін шағын қойма да ашуға ниетті. «Бастысы деніміз сау болсын, барлығы рет-ретімен Алланың қалауымен орындала береді» дейді ол. Бізде кейіпкеріміздің кәсібіне береке тілеп, тілшілік тіршілігімізді тәмамдап қайттық.

**Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ**

Меншік иесі:
«Сыр медиа»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел:. 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2840 Тапсырыс № 1016

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Кезекші редактор: Ақнұр АЛТЫНБЕК